1. **Адам ең көп ақпаратты ненің көмегімен алады?**
   A) сезу және көрудің B) иіскеу мен естудің
   C) есту мен көрудің D) көру және дәмін тату арқылы

2. **Сендер электрондық хатта көрген фильмдерің туралы баяндадыңдар делік. Бұл ақпараттың қай түріне жатады?**
   A) есту B) сезу C) көру D) жазбаша

3. **.Осы информатика оқулығында келтірілген мәліметтер негізінен ақпараттың қай түріне жатады?**
   A) мәтіндік және графикалық B) графикалық және естілетін
   C) электромагниттік және көрінетін D) цифрлық және музыкалық

4. **.Ақпарат алу – ол :**
   A) Үй жұмысын орындау B) Ағаш көшеттерін отырғызу
   C) Музыка тыңдау D) Математикадан есеп шығару

5. **Адам үшін ұялы телефон – ол :**
   A) Ақпарат көзі B) Ақпарат қабылдаушы
   C) Ақпаратты өңдеу құралы D) Байланыс құралы

6. **Мәтінді қазақ тілінен орыс тіліне аудару қандай үдеріс?**
   A) Ақпаратты тасымалдау B) Ақпаратты іздеу
   C) Ақпаратты өңдеу D) Ақпаратты сақтау

7. **Ақпарат компьютерде қандай түрде сақталады?**
   A) Әріптер B) Мәтіндер C) Сандар D) Нөл мен бірлер

8. **Ақпараттың ең кішкене өлшем бірлігі:**
   A) Бит B) Байт C) 1 D) Әріп

9. **Бір байт – ол :**
   A) 10 бит B) 16 бит C) 8 бит D) 4 бит

10. **Бір символдық мәтін әдетте ... кодталады.**
    A) 1 битпен B) 1 байтпен C) Әріппен D) Он битпен

LIVEWORKSHEETS